

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2017 жылғы 30 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші А.А.Федорцов,
баяндамашы судья Г.А. Скрипкина,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Ж.Н. Бәйішев,
Д.Г. Колос, Т.Н. Нешатаева, В.Х. Сейтімова, А.Э. Туманян, К.Л. Чайка,
сот отырысының хатшысы Б.Назарованың қатысуымен,
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай Консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, Комиссия) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 29-бабының ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініште Комиссия Одақтағы ішкі нарықтың жұмыс істеуіне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін халықаралық шарттардың орындалуы мониторингін және оны бақылауды жүзеге асыру барысында Шарттың 29-бабы ережелерін түсіндіруге және оны қолдануға қатысты өзара тауарлар саудасында шектеу шараларын енгізу бөлігінде Одаққа мүше мемлекеттердің әртүрлі тәсілдері анықталды, атап айтқанда:

1) Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға (Шарттың 29-бабының 3-тармағы) сәйкес белгіленген Одақтың кедендік аумағында осындай тауарларды өткізудің немесе олардың айналысының жекелеген тәртібі болған кезде ғана және оған сәйкес Шарттың 29-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша Одаққа мүше мемлекеттердің



өзара тауарлар саудасында шектеу шараларының қолданылуы мүмкін тәсіл;

2) жалғыз шарт - Шарттың 29-бабының 1-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес белгіленген Одақтың кедендік аумағында осындай тауарларды өткізудің немесе олардың айналысының жекелеген тәртібі айқандалғанға дейін Одаққа мүше мемлекеттердің өзара тауарлар саудасында шектеу шараларын енгізу мүмкіндігін болжайтын (жол берілетін) тәсіл.

Комиссия Соттан Шарттың 29-бабы 1-тармағының ережелерін қолдану мәселесі, оның ішінде Шарттың осы бабының 3-тармағымен өзара байланысы бойынша консультативтік қорытынды беруді сұрайды.

II. Соттың құзыреті

Шартқа № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Сот Статуты) 46-тармағына сәйкес Сот Еуразиялық экономикалық одақ органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелерін және Одақ органдарының шешімдерін түсіндіруді (бұдан әрі - түсіндіру) жүзеге асырады.

III. Соттағы рәсім

Сот Статутының 68-тармағына сәйкес түсіндіру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентінде (бұдан әрі – Сот Регламенті) айқындалады.

Сот Статутының 73-тармағында Сот түсіндіру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайтыны көзделген.

Түсіндіру туралы істі Сот Регламентінің 75-бабының тәртібімен қарауға дайындау шеңберінде Комиссия өтініште белгілеген мәселелерді зерттейтін Комиссияның, Одаққа мүше мемлекеттер үкіметтерінің, ғылыми мекемелердің атына сұрау салулар жіберілді және Армения Республикасының Әділет министрлігінен, Беларусь Республикасының Экономика министрлігінен, Қырғыз Республикасының Экономика министрлігінен, Ресей Федерациясының Әділет министрлігінен, Армения Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Философия, социология және құқық институтынан, Беларусь Республикасының Заңнама және құқықтық зерттеулер ұлттық орталығынан, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Экономика институтынан, Қазақстан Республикасының Заңнама институтынан, Ресей Федерациясы



Экономикалық даму министрлігінің Бүкілресейлік сыртқы сауда академиясынан жауаптар алынды.

Комиссия Соттың сұрау салуы бойынша қосымша құжаттарды және тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуіне қатысты Шарт ережелерін қолдану мәселелері қаралған Кеңес пен Комиссия Алқасы отырыстарының материалдарын ұсынды.

IV. Соттың тұжырымдары

Сот Статутының 50-тармағына сәйкес сот төрелігін жүзеге асыру кезінде:

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын;

шарттарды, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және дау тараптары – мемлекеттер қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттарды;

Одақ органдарының шешімдері мен өкімдерін;

құқықтық норма ретінде танылған жалпыға бірдей практиканың дәлелдемесі ретінде халықаралық салтты қолданады.


Үлкен алқа 1996 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының ережелерін ескере отырып, шарт тұрғысында оның терминдеріне мән берілуге тиіс олардың қарапайым мағынасына сәйкес, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттары тұрғысынан адал түсіндірілуі тиіс.

Сотқа Шарттың 29-бабы ережелерін, оның ішінде Шарттың осы бабының 3-тармағымен өзара байланысы бойынша түсінік беру қажет.

Уәкілетті органдардың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің атынан өтініш берушінің, Одаққа мүше мемлекеттердің іс материалдарындағы позициялары Шарттың 29-бабының тиісті ережелерін түсінуге әртүрлі құқықтық тәсілдері бар екенін, осыған байланысты Соттың Үлкен алқасына түсінік беруге жататынын көрсетті.

1. Үлкен алқа өтініште қойылған мәселенің мәніне қарай, түсіндіруге мәлімделген Шарттың 29-бабы «Кеден одағының жұмыс істеуі» деген VI бөліміне жататындықтан және тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуінің жалпы тәртібінен ерекшеліктерді қамтитын болғандықтан, осы норманы түсіндіру Шарттың негізін қалаушы ережелерімен, Шарттың 1, 2, 3, 4, 25, 28-баптарындағыдай кеден одағының жұмыс істеуі, ішкі нарық мәселелерін реттейтін нормалармен жүйелі байланысты жүзеге асырылуға тиіс деп санайды.

Шарттың 1-бабы 1-тармағының ережелеріне орай, құрылған Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика



салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Үлкен алқаға Шарттың 1-бабының 1-тармағын және 2-бабын нақ мағынасында түсіну мынаны атап көрсетуге мүмкіндік берді.

Шарттың 1-бабында Одақта үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат іске асырылатыны белгіленген, бұл құқықтық реттеудің біркелкілігінің әртүрлі дәрежесін алдын ала айқындайды.

Бірыңғай саясатқа белгілі бір саланы жатқызу үшін біріздендірілген құқықтық реттеудің болуы, сондай-ақ Одаққа мүше мемлекеттердің белгілі бір саладағы құзыретті олардың ұлтүсті құзыреті шеңберінде Одақ органдарына беруі талап етіледі.

Мұндай тәсілді Одақ Соты Беларусь Республикасының өтініші бойынша 2017 жылғы 4 сәуірде консультативтік қорытындыда қолданған.

Шарттың 2-бабында:

бірыңғай экономикалық кеңістік – бұл мүше мемлекеттердің аумақтарынан тұратын кеңістік, онда экономиканы реттеудің нарықтық қағидаттарға және үйлестірілген немесе біріздендірілген құқықтық нормаларды қолдануға негізделген ұқсас (салыстырмалы) және біртектес тетіктері жұмыс істейді, бірыңғай инфрақұрылым болады;


ортақ (бірыңғай) нарық – бұл Одақ шеңберіндегі экономикалық қатынастар жиынтығы;

кеден одағы – бұл өзінің шегіндегі өзара саудада кедендік баждар (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар), тарифтік емес реттеу шаралары, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары қолданылмайтын, бірыңғай кедендік аумақты көздейтін, мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық интеграциясының нысаны деп айқындалған.

Шарттың 3-бабында мүше мемлекеттердің егемендік теңдігі мен олардың аумақтық тұтастығы қағидаттарын қоса алғанда, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтеу; мүше мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін құрметтеу; Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын, тең құқылығын және ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету; нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау; өтпелі кезеңдер аяқталғаннан кейін кеден одағының алып қоюларсыз және шектеулерсіз жұмыс істеуі негізінде Одаққа мүше мемлекеттер қызметін жүзеге асырудың негізгі қағидаттары белгіленген.

Мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Шарттың 4-бабында Одақтың негізгі мақсаттары: мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесіне орай олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау; Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек



ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу; жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп белгіленген.

Шарттың 25-бабының 1 және 5-тармақтарына сәйкес мүше мемлекеттердің кеден одағы шеңберінде:

тауарлардың ішкі нарығы жұмыс істейді;

Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында тауарларды кедендік декларациялау және мемлекеттік бақылау қолданбастан, еркін өткізу жүзеге асырылады.

2. Шарттың 28-бабының 2-тармағында көрсетілгендей экономикалық кеңістікті қамтитын ішкі нарық жұмыс істейді, онда Шарттың ережелеріне сәйкес тауарлардың, адамдардың, қызметтер көрсету мен капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етілген.

Шарт ережелерін жүйелі түрде құқықтық талдау Үлкен алқаға мынадай тұжырымға келуге мүмкіндік берді.

Ішкі нарықты қалыптастыру заманауи интеграциялық бірлестіктерді құрудың ажырамас элементі мен негізгі мақсаттарының бірі болып табылады, кедендік реттеу саласындағы бірыңғай саясат жүргізілетін Еуразиялық экономикалық одақ та бірлестікке жатады (Шарттың екінші бөлігі, V, VI тараулары).


Ішкі нарықтың жұмыс істеуі төрт қағидатқа негізделген:

- 1) тауарлардың еркін қозғалысы;
- 2) тұлғалардың еркін қозғалысы;
- 3) қызметтер көрсетудің еркін қозғалысы;
- 4) капиталдың еркін қозғалысы.

Үлкен алқа тауарлардың еркін қозғалысы қағидаты Одаққа мүше мемлекеттер арасындағы өзара тауарлар саудасында және интеграциялық процестердің тиімділігінде кемсітушіліксіз және құқық үстемдігі қағидаттарымен бірдей маңызды рөл атқарады деп көрсетеді.

Сонымен қатар «еркіндік» термині шын мәнінде, сол және өзге де әрекеттерді жүзеге асырудың еркіндігін ғана білдірмейді, осындай еркіндікпен байланысты және Одақ құқығы мен Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында бекітілген құқықтар мен міндеттердің барлық кешенін де білдіреді.

3. Шарттың 28-бабы 3-тармағында тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуінің ортақ қағидасы белгіленген, оған сәйкес Одаққа мүше мемлекеттер өзара тауарлар саудасында Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік әкелу және әкету баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды), тарифтік емес реттеу



шараларын, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолданбайды.

Жоғарыда келтірілген нормаларды талдау Үлкен алқаға кеден одағының жұмыс істеуінің және тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуінің ортақ қағидалары Шарттың 25 және 28-баптары шеңберінде біріздендірілген, яғни Одақ құқығымен реттелген және оларды бірыңғай саясатқа жатқызуға болады (ұлтүсті реттеу) деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

4. Тауарлардың ішкі нарықта саудасын шектейтін шараларды жалпы қағидалар бойынша қолдануға тыйым салынады, өйткені ол тауарлардың еркін қозғалысын шектеуге алып келеді, бұл Одақтың жұмыс істеуінің негізін салушы қағидаттарына: нарықтық экономика және адал бәсекелестік, кеден одағының алып қоюларсыз және шектеулерсіз жұмыс істеуі қағидаттарын сақтауға (Шарттың 3-бабы) және Одақтың бірден-бір мақсатына – Одақ шеңберінде (Шарттың 4-бабы) тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылуға қайшы келеді.

Сонымен бірге, Шарттың 28-бабының 3-тармағында жалпы қағидалардан тауарлардың ішкі нарықта қозғалуын шектеуді алып тастау мүмкіндігі көзделген. Мұндай айрықша шаралар Шарттың 29-бабында көзделген.


Үлкен алқа Шарттың 29-бабын түсіндіруді Шарттың 28-бабының 3-тармағымен жүйелі түрде байланыстыра жүзеге асыруды маңызды деп санайды, өйткені осы екі норма да жүйе құруға бағытталған, бұл ретте мемлекеттің кедендік әкелу және әкету баждарын, тарифтік емес реттеу шараларын және өзге де шараларды қолдануына тыйым салу ішкі нарықтың жұмыс істеуіне кедергі болуы мүмкін.

Шарттың 29-бабы өзінің құрылымы бойынша үш тармақтан тұрады. Бұл бапты талдау ішкі нарықтың жұмыс істеу тәртібінен ерекшеліктерді белгілейтін оның ережелерінде Одаққа мүше мемлекеттердің (нақ сол бір негіздерге сүйене отырып) құқықтық реттеудің тиісті әртүрлі режимдері бар ерекшеліктердің үш санатын енгізуі көзделгенін көрсетеді.

Шарттың 29-бабының 1-тармағында бір жақты тәртіппен енгізілетін шектеулерді өзара саудада қолдануға байланысты құқықтық қатынастар реттеледі.

Шарттың 29-бабының 2-тармағында Шарттың XI бөлімінде айқындалған тәртіппен санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізуге байланысты құқықтық қатынастар реттеледі.

Шарттың осы бабының 3-тармағында Одақтың кедендік аумағында тауарлардың жекелеген санаттарының айналымын шектеуге байланысты құқықтық қатынастар реттеледі.



Үлкен алқа Шарттың 29-бабының 1, 2 және 3-тармақтары дербес енгізу (белгілеу) рәсімдері бар ерекшеліктердің әралуан түрлерін реттейді деген қорытындыға келді.

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу Шарттың XI бөлімінде (Шарттың 29-бабының 2-тармағы) айқындалған тәртіппен орын алуы мүмкін.

Тауарлардың жекелеген санаттарының (есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары, қызметтік және азаматтық қару, озонды бұзатын заттар және басқалары) айналымын шектеу, Одақтың кедендік аумағында оларды өткізу немесе олардың айналысы тәртібі Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес айқындалады (Шарттың 29-бабының 3-тармағы).

5. Шарттың 29-бабының 1-тармағында Одаққа мүше мемлекеттер өзара тауарлар саудасында шектеулер қолдануға (мұндай шаралар орынсыз кемсітушілік құралы немесе сауданы жасырын шектеу болып табылмайтын жағдайларда), егер мұндай шектеулер:

- 1) адамның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- 2) қоғамдық моральды және құқықтық тәртіпті қорғау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;
- 4) жануарлар мен өсімдіктерді, мәдени құндылықтарды қорғау;
- 5) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 6) елдің қорғанысын және мүше мемлекеттің қауіпсіздігін

камтамасыз ету үшін қажет болған жағдайда, құқылы екені белгіленген.

Шарттың 29-бабының 1-тармағы мен 3-тармағын Шарттың «Кеден одағының жұмыс істеуі» деген VI бөлімінің баптарымен бірге қарай келе, сұратылып отырған түсіндірудің мақсаттары үшін Үлкен алқа Шарттың 29-бабының 1 және 3-тармақтарында көзделген шектеулерді енгізуге құқық берілген субъектіні анықтауды маңызды деп санайды.

Шарттың 2-бабы Шартта пайдаланылатын «мүше мемлекеттер» деген ұғымды Одақтың мүшелері және осы Шарттың Тараптары болып табылатын мемлекеттер деп айқындайды.

Осындай құрылым Шарттың VI бөлімі 28-бабының 3-тармағында да («Өзара тауарлар саудасындағы ... мүше мемлекеттер ... қолданбайды»), сондай-ақ Шарттың бүкіл мәтіні бойынша басқа да бөлімдерде, әртүрлі тұжырымдамаларда қолданылған («Мүше мемлекеттер ... өзара мойындайды» Шарттың 58-бабының 6-тармағы); «Мүше мемлекеттер ... жағдайда, олардың уақытша ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен шараларды әзірлеуге және енгізуге құқығы бар» (Шарттың 58-бабының 8-тармағы); «Мүше мемлекеттер ... бір-біріне жәрдемдеседі» (Шарттың 68-бабының 1-тармағы).

Үлкен алқа аталған тұрғыда Шарттың мақсаттары үшін «мүше мемлекет» деген ұғым шеңберінде Одаққа мүше әрбір мемлекет жеке-жеке

қарастырылады деген қорытындыға келді. Осыған ұқсас тәсілді Сот Беларусь Республикасының өтініші бойынша 2017 жылғы 4 сәуірдегі консультативтік қорытындыны ұсынған кезде пайдаланды.

Шарттың 29-бабының 3-тармағын грамматикалық талдау арқылы өзгеше тұжырымға келуге болады, онда шектеуді енгізу субъектісі аталмайды, аталған тұжырымдамада «... тауарлардың жекелеген санаттарының айналымы шектелуі мүмкін» екені бекітіліп отыр.

Бұл жағдайда сөз тауарлардың жекелеген санаттарының айналымын әрбір мемлекеттің жеке-жеке шектеуі туралы емес, Одақ шеңберінде тиісті халықаралық келісімдерді жасау арқылы Одаққа мүше мемлекеттердің бірлесіп қабылдайтын шаралары туралы болып отыр.

6. Бұдан Одаққа мүше мемлекеттер тауарлардың өзара саудасында шектеулерді қолдануға құқылы деуге болады, олар мынадай екі жағдайда енгізе алады:


- мұндай шаралар орынсыз кемсітушілік құралы немесе сауданы шектеу құралы болып табылмауға тиіс;
- мұндай шектеулер Шарттың 29-бабы 1-тармағының 1-6-абзацтарында көрсетілген мақсаттар үшін қажет.

Шарттың 29-бабының 3-тармағына сәйкес тауарлардың жекелеген санаттарының айналымы шектелген жағдайдағы сияқты Одаққа мүше мемлекеттердің біржақты шектеу шаралары тек Шарттың 29-бабының 1-тармағында көрсетілген мүдделердің бірін (немесе бірнешеуін) қорғауға бағытталған болуы мүмкін.

7. Соттың Үлкен алқасының пікірінше, тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуінің жоғарыда аталған нормалары мен қағидаттарын жан-жақты және дұрыс түсіну мақсаттары, тауарлар қозғалысының еркіндігін іске асыру үшін Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) құқығына жүгінудің маңызды практикалық мәні бар.

ДСҰ-ның, Еуропалық Одақтың (бұдан әрі – ЕО), Латын Америкасының интеграциялық бірлестіктерінің (Меркосур, Анд қоғамдастығы) құқық көздерінің ережелеріне жасалған салыстырмалы құқықтық талдау Үлкен алқаға Шарттың 29-бабы жалпы ерекшеліктер институтымен – ДСҰ-ның 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімінің XX, XXI баптарымен, Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы шарттың 36-бабымен және ЕО-ның императивтік талаптары конвенциясымен, Меркосур мен Анд қоғамдастығындағы өзара саудада ерекшеліктерді белгілейтін нормалармен салыстыруға болады деген тұжырымға келуге мүмкіндік береді.

Еуропалық құқықтық реттеудің талдауы, сондай-ақ Еуропалық Одақ Сотының практикасы тауарлардың еркін қозғалысы қағидатынан туындайтын шектеулердің мәнін келесідей көрсетеді:



W.J.G. Bauhuis v The Netherlands State (Case 46/76) ісінде. ЕО Соты тауарлар қозғалысының еркіндігі қағидатынан туындайтын ерекшеліктерді бекітіп беретін құқықтық норма (Еуропалық қоғамдастық құрылтайшысы болатын Шарттың (Рим шартының) 30-бабы, жалпы алғанда ЕАЭО туралы шарттың 29-бабына ұқсас) ортақ қағидадан тартыну болып табылатынын атап өтті, ол бойынша мүше мемлекеттер арасында тауарларды еркін өткізу үшін барлық кедергілер жойылуға тиіс және оны шектелген түрде түсіндірген жөн.

Adriaan de Peijper (Case 104/75) ісінде Рим шартының 30-бабы Еуропалық қоғамдастықтар құқығының іргелік қағидатынан туындайтын ерекшеліктерді белгілейді, оның негізінде қабылданатын ұлттық шаралар сауданы тек осы шаралардың заңды және орынды мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болғанда ғана шектеуі мүмкін екені атап өтілуде.

Осылайша, шектеулерді қолдануға жол берілетін екі негізгі жағдай ерекшелінеді:


- ұлттық шараларды қабылдау мақсаты ақтап алатын мән-жайлардың біріне сәйкес келуге тиіс (Одақ құқығында – ЕАЭО туралы шарттың 29-бабының бірінші бөлігі);
- ұлттық шара мүше мемлекеттер арасындағы саудада жөнсіз кемсітушілік немесе жасырылған шектеулер құралы болмауға және тепе-тең болуға тиіс.

8. Шарттың 28-бабының ережелерімен өзара байланысты жүйелі талдауға сүйене отырып, Үлкен алқа Шарттың 29-бабының 1-бабына берілген 3-тармақтағы сілтемені тауарлардың ішкі нарықтағы айналымына өзге де шектеулерді, бірақ сол бір негіздер бойынша белгілеудің мүмкіндігі ретінде қарастырады.

Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың жекелеген санаттарын өткізуге қатысты келісімдер мен хаттама нысанындағы бірқатар халықаралық шарттар қолданылады (2013 жылғы 24 қазандағы Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізу тәртібі туралы келісім; 2015 жылғы 20 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында қызметтік және азаматтық қаруды өткізу туралы келісім; 2015 жылғы 27 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен оларды қамтитын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісім және басқалар).

Осыған байланысты нақ сол бір негіздемелердің негізінде тауарлардың еркін қозғалысы қағидатынан туындайтын ерекшеліктердің екі түрі барын таныған жөн:

1) Одаққа мүше мемлекеттер айрықша шара ретінде енгізетін Шарттың 29-бабының 1-тармағында аталған негіздемелер бойынша;



2) халықаралық шарттармен енгізілетін, тауарлардың жекелеген түрлерінің айналысындағы шектеулер үшін Шарттың 29-бабының 1-тармағында белгіленген дәл сол негіздер бойынша.

9. Мүше мемлекеттердің уақытша шараларды қолдану мәселелерін біржақты тәртіппен реттеуіне қатысты ұқсас негіздемелер (Шарттың 29-бабының 1-тармағы) үшінші елдермен саудадағы шектеу шаралары болып табылатынын атап өткен жөн.

Үшінші елдермен саудада біржақты айрықша шараларды бағалау тетігі ЕАЭО туралы шарттың № 7 қосымшасы болып табылатын, Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (бұдан әрі – Хаттама) 38-тармағында көзделген негіздемелер бойынша белгіленген

Хаттамада Шарттың 29-бабының 1-тармағында көзделген шараларға ұқсас уақытша шараларды Одаққа мүше мемлекеттердің қолдану мәселелерін айрықша жағдайларда біржақты тәртіппен реттеуіне қатысты ұқсас негіздемелер барын атап өткен жөн, алайда соңғы жағдайда тетік белгіленбеген.

Хаттаманың 39-бабында Хаттаманың 38-тармағында көрсетілген шаралар Комиссия шешімі негізінде енгізілетіні және үшінші елдердің еркін немесе негізделмеген кемсітушілік, сондай-ақ тауарлармен сыртқы сауданың жасырын шектеу құралы бола алмайтыны көзделген.


Хаттамаға сәйкес Одаққа мүше мемлекет мұндай шараларды біржақты тәртіппен енгізген кезде мүше мемлекет – Комиссияға, ал ол өз кезегінде, мүше мемлекеттердің кедендік органдарына мұндай шаралардың енгізілгені туралы дереу хабарлайды.

Үлкен алқа тауарлардың еркін қозғалысы мен ішкі нарықтың жұмыс істеуі жағдайларының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Одаққа мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдайлар жасауға және өзара саудада біржақты шектеулерді енгізуге барынша жол бермеуге тырысып, Шарттың 3-бабы 2-тармағының мазмұнынан туындайтын транспаренттілік, тепе-теңдік, шамаластық және объективті уағдаластық қағидаттарына негізделі отырып, Одақтың мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіруі мүмкін шаралардан тартынуға тиіс.

Одаққа мүше мемлекеттер қолданатын тауарлардың өзара саудасындағы шектеулерге қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия мониторинг жүргізеді.

Даулы мәселелер туындаған жағдайда, тараптар Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына жүгінуге құқылы.

10. Соттың Үлкен алқасы өтініш берушінің қойған сұрақтарына жауап бере отырып, келесідей тұжырымға келді:



Шарттың 29-бабының 1 және 2-тармақтары дербес нормативтік ережелер болып табылады және тікелей тізбектеп қолдануды көздемейді.

Бұл ретте Шарттың 29-бабының 1-тармағын қолдану бойынша Одаққа мүше мемлекеттердің дискрециясы шартсыз болып табылады, бұл тауарлардың өзара саудасындағы шектеулерді қолдану шартын шектелген түрде түсіндірумен алдын ала анықталған.

V. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Федорцов

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Ж.Н. Бәйішев

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

К.Л. Чайка

